



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

**АДАМИ ПОТЕНЦИАЛДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ
ҚЫЗМЕТІНДЕГІ РОЛІ****Енбек Айғаным***Aiganym.enbek@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Адамзаттың қарқынды дамуы әсерінен бүгінгі таңда әлем жаңаруда. Бастапқы даму барысында адамның күн көрісінің басты көзі қара күш, одан соң байлық болса, қазіргі кезде білім екендігі айдан анық. Білімді де білікті азамат әр салада қажеттілік тудырады.

Потенциалы жоғары тұлғамен жұмыс жүргізу өзектілігі кейбір жағдайлармен анықталады: қоғамда өз дамуының негізгі ресурсы және маңызды алғы шарты ретінде, «адами потенциалдар» ретінде саналануы, өмір динамикасының жылдамдығы, көптеген интеллектуалды күшті қажет ететін адамның эмоционалды және ақпаратты жүктемелерінің көбеюі, көптеген шешілмеген мәселелер; жоғары білімді, интеллектуалды, әлеуметтік жауапкершілігі мол, белсенді, қабілетті болатын, қоғам талабына сай тұлғаның кәсіби іс-әрекеттері.

Қоғамның мәдени көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, адамның еркіндігі мен қабілеттілігі де соғұрлым арта түседі. Мамандардың кәсіби қалыптасуы көбінесе, сыртқы әсерлерге байланысты. Бірақ оны сыртқы жағдайлар мен шарттардан шығаруға болмайды. Себебі, олар адамның өмірлік тәжірибесі, индивидуалды психикалық ерекшеліктері мен психикалық қорына да сүйенеді. Бұл мағынада сыртқы әсерлер тұлғаның психикалық ерекшелігі, оның әлеуметтік және кәсіби тәжірибесіне жататын ішкі шарттарға байланысты болып келеді.

Потенциал – бұл тұлғаның қандай да бір іс-әрекетті сәтті жүзеге асырудың шарттары болып табылатын және оған қажетті білімдерді, икемділіктер мен дағдыларды меңгеру процесінен айырмашылықтар табатын индивидуалдық-психологиялық ерекшеліктері. Қабілеттіліктерді барлық басқа психикалық құбылыстардан ерекшелейтін үш негізгі белгі бөліп көрсетіледі:

- Потенциал – бұл бір адамды екіншісінен ерекшелейтін индивидуалдық-психологиялық ерекшеліктер;

- бұл – тек бір іс-әрекетті немесе бірнеше іс-әрекетті орындаудың сәттілігіне қатысы бар ерекшеліктер;

- қабілеттіліктер адамның бойында әлдеқашан қалыптасқан білімдерге, икемділіктер мен дағдыларға ие болудың жеңілдігі мен жылдамдығына негіз болса да, оларға телінбейді.

Потенциал екі негізгі тұрғыдан – сапалық және сандық тұрғыдан сипатталады. Сапалық ерекшеліктері қырынан қарастырылып отырған қабілеттіліктер адамның іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттерінің күрделі кешені ретінде, олардың өзіндік ерекшелікке ие симптомдық кешені, құрылым ретінде танылады. Потенциалдың сандық сипаттамасы оның көрінуінің, дамуының өлшемдерін – қабілеттіліктер деңгейін анықтауды білдіреді [1, 241 б.].

Тұлғаның бағыты – бұл тұлғаның қоршаған ортаға деген талғампаз қатынасын анықтайтын ниеттер жүйесі. Тұлғаның бағыты адамның мақсаттарымен және ұмтылыстарымен сипатталады және оның өмірі мен іс-әрекетіне ықпал етеді. Бұл түрлі адамдарға қатысты бір зат, не бір оқиға тұлғаның қажеттілігіне негізделген түрлі қатынастарды тудыратындығынан байқалады. Қажеттілікті адам өзіне өте қажетті, маңызды дүние ретінде үнемі сезінеді. Бұл – адам белсенділігінің қайнар көзі ретінде қызмет ететін психикалық күй [2, 6 б.].

Мемлекеттік аппарат – бұл қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекет органдарының біртұтас жүйесі. Оның нышандары: мемлекет қоғамды басқаратын

және тек қана қызметпен шұғылданатын адамдардан тұрады; мемлекеттік аппарат мекеме мен органдардың байланыс жүйесі; мемлекет органдарының қызметі ұйымдастырушылық, материалдық және әкімшілік кепілдіктерімен қамсыздандырылады; мемлекеттік аппарат азаматтардың заңды мүдделер мен құқықтарын қорғау үшін құрылады [3, 48б.].

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 2-бабында: «Мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік органдар мен олардың аппаратында конституциялық негізде жүзеге асырылатын және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға, мемлекеттің өзге де міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған кәсіби қызмет» делінген [4, 3б.].

Мемлекеттік аппараттың ерекше ішкі құрылысы бар: олардың арасындағы қатынастар бір жүйеге біріктіріледі. Бұл жүйенің негізін экономика, саяси қарым-қатынастар, сана-сезім құрайды. Осы жүйеде әрбір органның өзінің орны, бір-бірімен қарым-қатынастары, қызметінің негізгі принциптері көрсетіледі. Дамудың әрбір кезінде мемлекеттік органдардың орындайтын қызмет бабы және істері өзгеріп отырады. Шығыс мемлекеттерде бүкіл аппаратты бір орталыққа бағындыратын – патшаның билігі орнаған Парламенттік республикада негізгі функциялар парламенттің қолында болады. Мемлекеттік аппарат дамуының объективтік бағыттары байқалады: бюрократизация, дифференция, профессионализмнің өсуі [3, 48 б.].

Бұл қызметтің нысандары көп жағдайда басқарудағы заңдар мен құқықтық механизмдердің қолданылу шамасына байланысты. Осыған сәйкес, мемлекеттік аппарат қызметінің келесі нысандарын бөліпқарастыруға болады:

1) тікелей басқарушылық – бұл ғылыми ұсыныстар жасаумен, тәжірибе алмасумен байланысты, құқықтық сипатты иеленбеген қызмет түрлері;

2) құқықтық нысандар – бұл құқықтық заңды сипаттағы қызмет түрлері, яғни, оларбарлық субъектілер үшін міндетті болып табылады және мемлекеттік міндетті салдарды туындатады. Мемлекет аппараты қызметінің негізгі құқықтық нысандарына мыналар жатады:

а) құқық шығармашылық қызмет – бұл нормативтік актілер жобаларын дайындауға, оларды қабылдау мен жариялауға байланысты қызмет;

б) құқық қолданушы қызмет – бұл құқықтық нормаларды жүзеге асырумен байланысты қызмет;

в) құқық қорғаушы қызмет – бұл заңдардың сақталуын бақылаумен және қадағалаумен, кінәлі тұлғаларды заңды жауапкершілікке тартумен т.б. байланысты қызмет.

Осы жерде мемлекеттік аппараттың жалпы сипаттағы белгілеріне тоқталып өтелік.

Біріншіден, мемлекеттік аппарат арнайы басқарумен шұғылданатын адамдардан тұрады (заң шығарумен, заңды орындаумен, оларды бұзудан қорғайды).

Екіншіден, мемлекеттік аппарат органдардың және мекемелердің қиын жүйесі, өздерінің негізгі билік қызметтерін іске асыруға тығыз байланыста болады.

Үшіншіден, мемлекеттік аппарат бөліктерінің барлық қызметтері ұйымдастыру және қаржы құралдарымен қамтамасыз етіледі [5, 22б.].

Мемлекеттік аппаратты ұйымдастырудың және оның қызметінің қағидалары – бұл мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық ережелер. Оларға мыналар жатады:

1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының артықшылығы қағидасы, бұл қағидаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілер аталған құқықтар мен бостандықтарды мойындауы және қорғауы тиіс;

2) демократиялық қағидасы, бұл қағида мемлекеттік органдар қызметін қалыптастыру мен ұйымдастыруға азаматтардың кең көлемде қатысуын білдірді;

3) биліктің тармақтарға бөліну қағидасы, бұл қағида билік органдары мен лауазымды тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді болдырмауға негізделген;

4) заңдылық қағидасы, бұл барлық мемлекеттік қызметшілердің Конституцияны, заңдар мен заңға сәйкес актілерді сақтау міндеттілігін білдіреді;

5) жариялылық қағидасы, бұл қағида нақты бір мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметіне қатысты құқық субъектілерінің ақпараттармен танысуын білдіреді;

6) кәсібилік қағидасы, бұл қағида мемлекеттік аппарат қызметінде мейлінше кәсіби қызметкерлерді пайдалануға қолайлы жағдайлар жасайды;

7) алқалық пен жалғызіліктіліктің үйлесу қағидасы, бұл қағида мемлекеттік аппараттың демократиялық және бюрократиялық бастамаларының саналы сәйкестігін қамтамасыз етеді;

8) сайлаушылық пен тағайындаушылықтың үйлесіру қағидасы, бұл қағида мемлекеттік басқарудағы орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді байланысын білдіреді;

9) бағыныстылық қағидасы, бұл қағида мемлекеттік органдардың мемлекеттік аппараттағы әртүрлі деңгейде орналасқанын білдіреді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттік басшысы Өлихан Бәйменов: «Өкінішке қарай, мемлекеттік қызметте істейтіндер арасында басқа салмақты құжаттарды былай қойғанда, кезекті еңбек демалысына шығуды сұраған қарапайым өтініштің өзін жаза алмайтын адамдарды кездестіретініміз жасырын емес», - деп, осындай шенеуніктердің отырған орындарына лайықты-лайықсыздығын тексеру үшін мемлекеттік қызметкерлердің тиімділігін бағалайтын жүйе енгізуді ұсынған болатын. Мемлекеттік қызмет саласындағы ең үлкен бағыттардың бірі адамның қабілетін, құзыретін бағалау екендігін баса айтқан агенттік басшысы: «Бұл өте күрделі жұмыс. Біз 1999 жылдан бері заңнама бойынша тестілеуді тәжірибе жүзінде қолданып келеміз. Ал кейбір дамыған елдерде тестілеу адамның құзыретін, қабілетін бағалауға негізделеді. Бірақ біздің тарихымызда мұндай тәжірибе болмағандықтан бұл істе өте сақтықпен қарауымыз керек. Сондықтан да былтыр «А» корпусына іріктеу кезінде осы тестілеудің отандық үлгісін сынақтан өткіздік. Ал келесі жылдан бастап бірте-бірте заң білу тестілерінің орны азайып, адамның біліктілігін сынау тестінің орны күшейе береді», - деді /6/. Адам бір уақытта өндіруші күш және экономикалық қатынастар субъектісі ретінде саналады. Адам – бұл негізгі өндіруші күш, өйткені ол өндіруші құралдарды ойлап тауып қолдану тәсілін анықтайды және оны өндіріске ендіреді. Нарықтық экономикаға көшуге байланысты жаңа өндіруші құралдар: техника мен технологияның дамуы, жұмыс күшінің, адам потенциалының физикалық және біліктідік мүмкіндіктеріне жаңа талаптар қоя бастады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 95 мыңға жуық мемлекеттік қызметкер бар. Осы қызметкерлерге қойылар басты талап - сапалы жұмыс болса, нәтижесі - үздік көрсеткіш. Мемлекеттік қызметте жүрген мамандардың өз жұмысына жауаптылықпен қарауы - қызмет сапасының артуына тікелей ықпал ететіні сөзсіз. Елбасы елді тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметкерлердің білуі қажетті жоғары рухани жауапкершілік, кәсіби білім және де оларды тәжірибе жүзінде қолдана білу, адалдық, белсенді өмір позициясын негізгі сапалар деп атап көрсетті. Мемлекеттік қызметтегі әр адам өз жұмысының барлық маңызын білуі тиіс. Мемлекеттік қызметкер болу – зор құрмет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Психология управления. Хрестоматия. Учебное пособие для факультетов: психологических, экономических и менеджмента. - Самара: Издательский Дом «Бахрах-М», 2006. – 768 с.
2. Носов В.И. Индивидуальные особенности личности: Лекция: Саратовский с.-х. ин-т им. Н.И. Вавилова. - Саратов. - 1992. – 19 с.
3. Жоламан Қ. Д., Мұхтарова А. Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы, ҚазМубаспаорталығы. 1999. 320б.
4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы. 27б.

5. Ағдарбеков Т. «Мемлекетжәнеқұқықтеориясы» Оқулық. – Алматы: «Наз» баспакомпаниясы, 2003. 328б.
6. <http://www.inform.kz/kaz/article/2653477>

УДК 340.116:130123.4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АР-НАМЫС ПЕН ҚАДІР-ҚАСИЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ОРНЫ

Қалжан Жұлдыз Ғалымжанқызы
alia_akerke@mail.ru

«Ақмешіт» гуманитарлық техникалық институты 1 курс студенті, Қызылорда
Ғылыми жетекшісі – Муйденова А.К.

Ар-намыс - ол әр адамның бойындағы өзіне тән құндылығын, өнегелік принциптеріне негізделген оның ой-өрісін, әрекет тірлігін мойындау деген сөз. Адам өнегелік және интеллектуальдық құнды қасиеттердің көзі болып табылады. Адамның интеллектуалдық қасиеті болып табылатын ар-ожданға келген нұқсанды орынына келтіру мүмкін емес. Себебі, ар-ождан, қадір-қасиет қолға ұсталмайтын, әрі адамның жеке басымен тығыз қатынаста болатын қасиеттер.

Осы адамның «Ар-намысы мен қадір-қасиеті» деген сөздің толық мағынасын зерттеген ғалымдардың көзқарастарына тоқталсақ әр заңгер-ғалымдар бұл ұғымға әр түрлі түсінік береді.

Қазақ Совет Энциклопедиясында «Адамның ар-намысы мен қадір- қасиеті» деген сөзге былайша анықтама берген.

«Ар – адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауаптылығын сезінуі және адамның өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуін бейнелейтін әдептанымдық категория. Этика әдебиеттерінде ар-ождан туралы көптеген анықтамалар бар. Сеника ар деп, адамгершілік өлшемдеріне байланысты, біздің мінез-құлықтарымызды құптайтын немесе айыптайтын ішкі дауысымызды айтамыз Таптық теориясының өкілі Карл Маркстің түсінігінше, «Ар дегеніміз-адамның өзіне деген ашуы» [1, 47б.].

«Ар, ұят» – адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі, тұлғаның өз әрекеті мен ниеті үшін жауапкершілігін сезінуі және адамның өзіне-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуін бейнелейтін әдептанулық категория [2, 16б.].

Гегель арды жақсылықтың іштей айқындалу процесі ретінде бағалайды. Ж.П.Сартр оны тұлғаның қоғамдық талаптар қысымына берген жауабы деп бағалайды. Қазіргі батыстық этикада ардың беделшілдік және гуманистік түсініктері айқындалған (Э.Форс).

Біріншісі – сырттан танылған құндылықтарға икемделумен байланысты болса, екіншісі, адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне қатысты. Қазақ халқының дәстүрлі әдеп жүйесіндегі «ар» ұғымы жоғары бағаланады. Кісіліктің негізгі қасиеттерінің бірі-арға кір түсірмеу. Қазақтың ұлы ақыны, Абай «арды» адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен сөгіп, қылған қысымның аты екенін айтады [3, 250б.]. Шәкәрімде барлық адамның ұят, әдептілік түсініктерін «Ар іліміне» топтастырады. Ар-намыс – жеке адамның қоғамда қалыптасқан моральдық, этикалық және салт-дәстүр нормаларын сақтауынан ұят, адамгершілік принциптерімен қалыптасады.

Қадір-қасиет – адамның сапалық болмасын айқындайтын қасиет. Қадір адамның өзіне айрықша адамгершілік қатынасы мен оған өзгелердің сыйлау, деңгейін көрсететін этикалық категорияға жатқызылады. Қадір ұғымына, абырой, атақ, сый-құрмет, мәртебе, даңқ ұғымдарымен үндес. Қазақ қоғамында беделі жоғары азамат қадірі мол кісі деп аталады. Қадір адамның өзі айналысатын кәсібіне, қабілет-қарымына байланысты. Адамның қадірі оның шыққан тегі, білімі немесе әлеуметтік жағдайына емес, оның жеке тұлға немесе азамат